

ҰСТАЗДЫҚ ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

*Сәбитбек Жанерке Ерланқызы
МКҚК «Ы. Алтынсарин ат.
Рудный әлеуметтік-гуманитарлық
колледжі», II курс
мамандығы: 0105000 «Өзін-өзі тану»
Ғылыми жетекші: Жайлаубаева И.Ж.
педагогика және психология пәнінің оқытушысы*

Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайлары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.

Мәлік Ғабдуллин

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – сапалы білім деңгейімен өлшенетіні айдан анық. Осыған орай әлемдік білім кеңістігіне кіріп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе болып табылады. Аталмыш мәселені шешудің кілті ұстаз қолында. Өткені, ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді.

Сапалы білім, саналы тәрбие беру нағыз ұстаздардың ғана қолынан келеді. Ұстаз - ұлы есім. Ұстаздықтың қадірін жете түсінген туған елдің төл перзенті, талантты педагог Спандияр Көбеев: «Мен ең ірі тұлға әрі ардақты әрі жауапты және жаңа тұрпатты халық мұғалімі болғаным зор қуаныш етемін» деген сөздерімен-ақ ұстаздықтың құдіреттілігін айқындап бергендей. Ал, алаштың ардақты азаматы М.Жұмабаев: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы - мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуірінде баға беру үшін, алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын - мұғалімдердікі» деген екен. Шындығында да, ұстаз жүгі - ауыр жүк. Ол - егемен елдің болашағын тәрбиелеуші, бала болмысына өзгеріс енгізуші, ата-ананың сенімді көмекшісі, ғылымға жаңалық енгізуші. Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің” дегендей, өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.

Заманауи ұстаз - баланы жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы тұлға. Сонымен ол бала өмірінде өте маңызды рөл атқарады, өйткені ол – шәкірт үшін айна сияқты. Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы. Бұл – тұрақты аксиома.

Ал, ХХІ ғасырдың нағыз ұстазы қандай болмақ керек? Әрине, ол өз қалауымен таңдай білген мамандығының майталманы болу үшін, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл - әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет. Сондай-ақ ұстаз күнбе-күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс. Сондықтан да ұстазды әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады. «Ұстаз» сөзінің екі түрлі сипаты бар. Бірі – белгілі пәннен сабақ беретін оқытушы да, екіншісі – шәкірт жүрегінен жол таба білген дана адам. Мектептегі ұстаз – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді. Сондықтан әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалімін ұстазым деп атайды.

Бала өзіне қажет білімді өз бетінше кітаптан оқып та үйрене алады, ал бірақ тәрбиені өз бетінше ала алмайды, өнеге мен үлгі, құрмет сияқты ізгі қасиеттер – ата-анадан қан арқылы дарыса, ұстаздан тәлім арқылы жұғады. Сондықтан болар заманауи ұстаздың қарапайым да сәнді киім-киісі, сыпайы да мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-

әрекеті, терең білімі, сарқылмас тәжірбиесі ынталы шәкірттері үшін өнеге.

Неміс жазушысы Т. Фонтане «Қарапайымдылық – ең тәуір нәрсе ғана емес, сонымен бірге ең ізгі де нәрсе» деп дұрыс айтқан.

Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін әрине, алдымен ұстаздың өзінің жеке басы соған сай болуы тиіс. Бұл тұрғыда белгілі орыс педагогы К. Ушинский былай деген екен: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да оның орнын баса алмайды». Расында да, мұғалімнің өзі өзгеге үлгі боларлықтай болуы қажет деген сөз. Яғни оның бойынан барлық адамгершілік қасиеттер: мейірімділік, қарапайымдылық, әділдік, адамгершілік т.б айқын көрініс табуы тиіс. Осыған орай кез-келген ұстаздың айтылған сөзі мен атқарған ісінің арасында алшақтық болмау керек деп ойлаймын.

Колледж қабырғасында білім алып жүріп теорияны тәжірбиемен ұштастыру мақсатында Рудный қаласындағы №7 қазақ орта мектебінен «Мамандыққа кіріспе» педагогикалық тәжірбиеден өткен болатынмын. Алғашында балаларды танымағандықтан ба, оларды ұжым болып жұмыс істеуге жұмылдыру аздап қиындық туғызды. Бірақ кейін олармен етене араласқаннан кейін, жақсырақ танысқаннан барлығымыз тату отбасындай болдық. Бір байқағаным, бала жаны қарапайымдылықты сүйеді екен. Өйткені оның өзі алаңсыз, аңғал, тез сенгіш, арманшыл емес пе ...

Армансыз адам, қанатсыз құстай демекші балалық шақта мен де арманшыл болып өстім. Кез келген баланың арманы, үлкен мамандық иесі болу, жер тану, танымал адам болу, азамат болып өсу ғой. Мен де кішкентай кезімде, бастауыш сыныпта оқып жүргенімде ұстаздарыма қатты ұқсауға тырысатынмын. Сабақтан келген соң анамның қалың ормалын арқама әдемі қылып жамылып, үйдегілерге сабақ беретінмін. Аяулы анам мен асқар таудай әкем менің алғашқы шәкірттерім болды. Араға жылдар салып, енді мен шынайы ұлағатты ұстаз болу арманыма жақындап қалған сияқтымын...

Баламен жұмыс жасау оңай іс емес. Ұстаздық жайлы өз ойымды жазар сәтте «кез келген мұғалім ұстаз бола ала ма» деген сұрақ туындайды. Түрлі пәннен беретін мұғалімдер көп, бірақ соның ішінде өз мамандығын шексіз сүйе білетін, ұлт болашағын тәрбиелеуде өзіндік орны бар білімді де білікті ұстаздар аз.

Данышпан да, дана да оқып сенен,

Атақ-даңқын асырды бар әлемнен

“Ұстаз” деген аяулы, асыл жанды,

Жақсы көрем, арнаймын жақсы өлең -, деп жырлаған халқымыздың талантты ақын қызы М.Хакімжанова ұстаздықтың ұлылығын баршаға паш еткендей.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздық жолда аянбай адал еңбек еткен тәжірбиелі оқытушы Б.Д.Әбдірейімова жас мамандарға ұстаздық мамандыққа тән қасиеттерді есіне сақтап алу мақсатында төмендегідей кеңес береді.

1. Ұстаздық мамандыққа тән қасиеттер - ұстаздың адамгершілік және мамандық білімділігі. Бұл қасиет- ұстаз тұлғасының мынандай сипаттарынан байқалады:

-ұстаздың дүниетанымдық көзқарасы, сенімі мен ізгі мұраты;

-ұстаздық қызметке бейімділігі мен мамандық даярлығы;

-ұстаздық қабілет (ұйымдастырушылық, конустриктивтік, коммуникативтік, экспрессивтік, перцептивтік, академиялық, дидактикалық);

-кәсіптік білімі мен біліктілігі, мамандық ісіне төселіп, әдеп-дағдыларын қалыптастыруы.

2. Ұстаздық қызмет қыры мен сыры мол біртұтас гуманистік мамандық. Осындай қасиеттерді өз бойына сіңіріп, игі мақсатқа ұмтылған кісі ғана аса құрметті мамандықты игере алады.

3. Ұстаздың тұлғалық қасиеттері, өзге мамандар мен түрлі қызмет атқаратын адамдардан айырмашылығы мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

-ұстаздың шәкірттерге деген ықылас-ынтасы, балаларға сүйіспеншілігі мен жанашырлық көзқарасы;

-ұстаздың ұстамдылығы мен байсалдылығы, мінез-кұлқын, сезім күйін билей алуы;

-мұғалімнің жан дүниесінің тебіреністері мен көңіл-күйін басқара аларлық өзіне-өзінің сыншылдық көзқарасы;

-ұстазға жарасымды осындай қасиеттер ғана оның кісілігі мен мамандыққа тән қабілеттілігін білдіретін сапалар деп бағаланады.

Ұстазға тән осындай сапалар мен қабілеттіліктерді мынандай жүйемен жіктеуге болады.

1. Ұстаздық мамандықтағы айырықша белгі- балаларға деген қамқорлық көзқарас, шәкірттерге деген сүйіспеншілік сезім.

2. Шәкірттерді оқу-тәрбие ісінде ғылым негіздерімен қаруландырып, саналы тәртіпке баулу. Ұстаздың қызметіндегі мұндай қасиетті дидактикалық қабілет деп атауға болады.

3. Мұғалімнің шәкірттерді әр – алуан іс-әрекеттерді орындауға жаттықтырып үйретуі және олармен ұстаздық қарым-қатынас орнатуы - оның ұйымдастырушылық яғни коммуникативтік қабілетіне байланысты. Осыған байланысты ұстазға тән мынадай сипаттарды даралап көрсетуге болады:

- дүниетанымдық көзқарасы;

- өз-өзіне деген сенімі ;

-қызметке бейімділігі;

-кәсіптік білімі мен біліктілігі;

-қамқорлық көзқарас;

-сүйіспеншілік сезім;

-ұйымдастырушылық қабілет ;

-заманға сай жаңашылдық т.б

Осындай даралық қасиеттер ғана ұстаздық бақытқа жеткізеді.

Ұстаздың негізгі объектісі - бала. Ол баланың бос уақытын қызықты ұйымдастыру мақсатында жоспар бойынша әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Әсіресе, Елбасы Н.Назарбаев көтерген Мәңгілік ел идеясын қолдау мақсатында қазақ халқының ұмытылып бара жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын дәріптейтін іс шаралар өткізсе нұр үстінен нұр болар еді. Неге десеңіз, мұндай іс-шаралар Қазақстандық патриотизмнің дамып жетілуіне оң ықпалын тигізеді.

Ұстаз қашанда шығармашыл тұлға. Оның ой елегінен шыққан әрбір тәрбиелік мәні зор жұмыстары балалардың көңілін бір серпілтіп қана қоймай, ана тілін құрметтеуге, табиғаты тамылжыған туған елін мақтан етуге, өркениеттілікке өрлеген Отаны Қазақстанның нағыз патриоты болуға бағытталуы қажет. Ол үшін ең алдымен өзі Отанын сүйген патриот болғаны абзал!

Менің түсінігімдегі ұстаз – рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам. Қорыта келе, ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше, егемен елімізге ой өрісі жоғары дамыған, білімді, жан-жақты, парасатты ұрпақты сапалы оқыта отырып тәрбиелеудің маңызы зор екенінін жадымыздан әсте шығармайық! Себебі, Ұстаздық ұлы қызмет!